



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

II том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы
III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings
of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume II

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

II том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің
Ә43 дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

Астана, 2018

УДК1/14
ББК87.0
А43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

АКАДЕМИК Ж.М. ӘБДІЛДИН – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ БРЕНД-ТҰЛҒАСЫ

Ермаганбетова Қ. С.

Астана қ.

e.kuralai@yandex.kz

Рамазанова А. Ч.

Измир, Түркия

ramazanova.a.ch@gmail.com

(Алғашқы ғылым жолымыздың басталуына үлкен септігін тигізген Әбділдин Жабайхан Мүбәрәкұлына алғысымызды білдіре отырып).

Бүгінгі күнге дейін бренд ұғымы тек экономикалық категория ретінде қарастырылып келді. Қоғам дамуының заманауи тенденциялары, әсіресе, жаһандық коммуникациялардың экспансивті өсуі, Батыс мәдениетіне бағыттылығы, адамның өзін-өзі жетілдіруі, тұлға еркіндігінің басымдылығы жаңаша ойлаудың талап етілуі бренд ұғымының да қолданысын өзгертті. Қазіргі кезде бренд ұғымы философиялық антропологияның, мәдени антропологияның жаңаша көзқарасына айналды. Заманауи нарықтық қатынаста барлық заттар, құбылыстар, процесстер, кеңістіктер, аймақтар және адамның өзі бренд болып саналады: ел, қала, мемлекеттік мекемелер, мекемелер, географиялық нысандар, өмір сүру қалпы, ұлттық нысандар және тағы басқалары. Ендеше, осының барлығын қалыптастырушы адамды неге бренд деп санамасқа? Нарықтық қатынастағы тұтыну мен сұраныстардың өсуі адамзаттың қасиеті мен қабілетіне байланысты екені айқын. Олай болса, адам жай ғана өндіруші емес, ол сол тауарға деген сұраныстың өсуіне немесе елдің бейнесін қалыптастыруда маңызды орын алатын маңызды субъект, яғни ол бренд.

Ұлттың бейнесін қалыптастыратын – ол адам, ғылымды жасайтын – адам, тауарды өндіретін – адам, яғни әрбір зат адаммен және оның есімімен байланысты. Маркетологтар Виктор Тамберг пен Андрей Бадьидің *«все значимые фигуры прошлого и настоящего – бренды в чистом виде. Они что то выражают и символизируют: Альберт Эйнштейн – образ ученого, Че Гевара – романтизм революции, Иосиф Сталин – авторитаризма, Мерилин Монро – сексуальной привлекательности и т.д.»* деген тұжырымдары да бар[1]. Қазақ мәдениетінде де бренд-тұлғалар аз емес. Қазақ мәдениетінде бренд ұғымының орнына *«көрнекі тұлға»* деген сөз қолданылады. Мысалы, Абай мен Шәкәрім – даналықтың, кемеңгерліктің нышаны. Олар әрқашан адам санасында идол, символ болып қала береді. Заманауи мәдениетте бренд-тұлғалар қатарына әншілерді, спортшыларды, әртістерді, саясаткерлерді жатқызады. Сол сияқты ғылымның да өз бренд-тұлғалары бар.

Философия ғылымының, соның ішінде Қазақстандық философиялық мектептің, қазақстандық диалектикалық философияның бренд-тұлғасы – Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин. Ол тек Қазақстандық философияның ғана емес, сонымен қатар әлемдік философиядағы диалектикалық логика бағытының бренд өкілі. Ж.Әбділдиннің антик философтары мен неміс философтарының еңбектеріне сүйене отырып, оны қазақ мәдениетімен сабақтастыра келе философиядағы бастама мәселсін көтеруі, философия тарихын жүйелеуі, өзінің философиялық тұжырымдарында өнегелікке мән беруі ғылымда әрдайым өзекті болып қала бермек. Өйткені, антик заманының классиктері Сократ пен Аристотель болса, неміс философиясының классиктері Кант пен Гегель болса, қазақ дүниетанымының классиктері Абай мен Шәкәрім болса, Жабайхан Әбділдин де осы ғалым–тұлғалардың ойын біздің ұрпаққа өзіндік тұжырымы арқылы жеткізе білген біздің заманымыздағы философия классигі.

Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин – қазақстандық философ, диалектикалық теория және диалектикалық логика бағытындағы қазақстандық философиялық мектептің негізін қалған ғалым, философия ғылымдарының докторы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор. Ол 1958-1994 жж. аралығында ҚазКСР ҒА философия институтының

кіші ғылыми қызметкерінен бастап, ғылыми қызметкер, диалектика тарихы мен теориясы және диалектикалық материализмнің бөлім жетекшісі, философия институтының директоры, ҒА қоғамдық ғылымдар бөлімінің хатшысы, ҒА вице-президенті қызметтерін; 1995-2007 жж. аралығында ҚР тұңғыш парламентінің депутаты, сенат депутаты, Сенаттың халықараралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, ҚР Президентінің әкімшілігінің әлеуметтік-саяси бөлім меңгерушісінің орынбасары, ҚР Президенті жанындағы адам құқығы жөніндегі комитет төрағасы секілді мемлекеттік қызметте болды. Бүгінгі таңда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің құрметті профессоры. Өзінің білімімен әлі күнге дейін студенттермен, магистранттармен, докторанттармен бөлісіп, философиялық ойлау мен даналыққа үйретуде.

Жабайхан Мүбәрәкұлы ғылым жолы туралы берген сұхбатында: *«Қалай философ болдыңыз?»* деген сұраққа: *«Мен қатты философ болғым келді. Мен Аристотель, Платон, Сократ туралы естігенде менде философ боламын деп шештім. Алғаш рет ол есімдерді мектепте тарихшы мұғалімнің аузынан естідім, кейін ол кісіден жиі сұрап білдім. Сол кезде Алматыда М.С.Киров атындағы ҚазМУ-да философиялық-экономика факультеті ашылды деген мәліметті естіп бардым, оқуға түстім. Осылай бәрі басталды»* - деп жауап береді. Осылай, 1954 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) бітірді. Сократ, Платон, Аристотель, Кант, Гегель ілімдерімен нұрланған, сусынданған түлек 1958 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетінің аспирантурасын бітіріп, *«Гносеологическая роль конкретного понятия»* тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды. Философияға деген сүйіспеншілігінің, құштарлығының, жаңаша зерттеулерінің негізінде 1968 жылы КСРО ғылым академиясының философия институтында *«Проблема начала в теоретическом познании»* тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Философияға, соның ішінде диалектика мен таным теориясына деген сүйіспеншілігінен туған білім жолының нәтижесінде философия ғылымның докторы дүниеге келді. Қазақстандық аудиторияға диалектика мен таным теориясын қарапайым логикалық талдау арқылы жеткізген ғалым қазақ философиясына жаңа тұжырымдар енгізді. Диалектика және таным теориясы бағытындағы қазақстандық философияның негізін қалады. Осы бағытта 20-ға жуық ғылым докторын, 40-қа жуық ғылым кандидатын дайындады, жаңа білім жүйесі бойынша 2 PhD докторына жетекшілік етіп, мамандар шығарды.

Орыс халқының әдебиетінде Кутузовтың жетістігін сипаттау үшін *«Қиын қыстау уақытта өзінің тағдырын сеніп тапсыра алатын сенімді жетекшіні таба білген халық бақытты! (счастлив тот народ, который в трудные и опасные минуты умеет найти надежное руководство и верить ему свою судьбу!)»* - деген керемет сөз бар. Осы сөзді басқаша қолданып, өз заманының ғылымы мен философиялық ойлауының дамуына үлкен үлесін қосқан академик Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин сияқты ғалымы және дана-философы бар халық бақытты деп айтсақ, асыра сілтеу болмасы анық.

Киселица Е.П., Замураева Л.Е., Пинигина Е.П. бренд-тұлғаны айқындауда маңызды орын алатын ерекше стереотиптердің үш тобын бөліп көрсетеді; *«антропологиялық – сырт келбетімен, имиджімен байланысты; әлеуметтік – қоғамдық, мемлекеттік қызметімен байланысты; эмоционалды-эстетикалық – жеке тәжірибесімен, мінез-құлқымен байланысты»*[2,126]. Жабайхан Мүбәрәкұлы бұл критерийлерге толығымен сай келеді. Ол сабырлы, тиянақты, қайырымды, сымбатты, мейірімді, абыройлы, сенімді, оптимист. Ұстамдылық, жинақылық, мәнерлі сөйлеу, тапқырлық, қалжыңдай білу қабілеттерімен аудиторияны жаулап алады. Жүсіп Баласағұн бойынша, бұл қасиеттер адамның бойына ананың ақ сүтімен беріледі, әлеуметтік антропология бойынша, адамның бойындағы мінез-құлықтар, кейбір қабілеттер әлеуметтік ортасына байланысты қалыптасады. Жабайхан Мүбәрәкұлының білім-ғылым жолы, жеке тәжірибесі, араласқан ортасы, қызметі оның бренд-тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсерін тигізді.

Жабайхан Мүбәрәкұлының "Ана тілі" газетіне берген *«Бізге елді, жерді сүйген қуатты сезім керек»* атты сұхбатында журналистің

| «ұлттық идея дегеніміз – жай ғана ойлап табуға болмайтын, небір күрделі кезеңдерде халықтың бар күш-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыратын, әлеуметтің тұтастығын қамтамасыз ететін күш сияқты ма, қалай? Дәл қазір ол біздің елімізге қаншалықты қажет?» - деген сұрағына, бұл мәселенің тамыры тереңде екенін ұғындырып, қазақ даласынан шыққан ұлы тұлғалардың елінің дамуы мен өркендеуі үшін қосқан үлестері мен жетістіктері ерекше сипаттап берді:

| «... идеяларды өмірге тұлғалар әкеледі. Соның бірі Абылайхан. Біріншіден – Абылайхан қазақ халқын бір тудың астына жинап, жауға төтеп беруді ұйымдастырып, соған басшы болды. Екінші – Абылай ханның тұсында қазақтың жері адам айтқысыз кеңейді. Үшінші – оның толағай тұлға ретіндегі, ұйымдастырушы ретіндегі бір ерекшелігі – ол уақытта қазақ халқының тарихындағы ең белгілі толып жатқан батырлары шықты. Батырлар мен билердің арқасында Абылай заманында қазақтың еңсесі көтеріліп, рухы асқақтады. Бір сөзбен айтқанда, адамгершілігі, кісілігі, батырлығы жағынан дәуірлеген жағдай болды. Сократ ел басқарған адамның рөлі туралы айтқанда тек қана анау жасалды, мынау жасалды дегенді айту аз дейді. Сол ел басқарып тұрғанда халықтың кісілігі, жүректілігі, адамдығы, тазалығы қаншалықты көтерілді, халық рухани жағынан қаншалықты өсті, сол маңызды дейді. Сократтың критерийімен алып қарайтын болсақ, менің ойымша, Абылай хан кезі қазақ халқының рухы мейлінше көтерілген уақыт. Ұлттық идеяның қуаты туралы осыны айтуға болады» [3].

Яғни, Жабайхан Мүбәрәкұлының бұл ойы бойынша, заманның келбетін, елінің беделін, халқының бақытын сол үшін қызмет еткен ерен ері, жанашыр тұлғасы, данасы арқылы сипаттауға болады. Адамның адамгершілігі, кісілігі, білімділігі, сауаттылығы, даналығы қоғам үшін, елі үшін, халқы үшін, мемлекеті үшін өте маңызды. Жабайхан Мүбәрәкұлының бұл сөздері, оның қоғам қайраткері, елін, халқын ойлайтын ерекше жан екенін айқындайды. Бұған қоғамдық, мемлекеттік қызметтік жолдары мен жетістіктері, халқы үшін, мемлекет үшін атқарған істері дәлел болады. Қазақ халқы үшін жаны ашыған, білімділігі мен сауатылығы үшін еңбек етіп, қазақ зиялыларының шығармашылығын зерттеумен айналысты. Кеңес үкіметі тұсында алаш өкілдері мен қазақ зиялыларының ақтау ісін жүргізді. Ол 1987-89 жж. Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов шығармаларын зерттеп, оларды ақтау процесімен айналысқан арнаулы комиссияларды басқарды. Алаш зиялыларының ақталуы үшін үлкен үлесін қосты. Сонымен қатар, мемлекеттік және қоғам қайраткері ретінде БҰҰ және ОБСЕ ұйымдарының жиындарында тәуелсіз Қазақстан атынан баяндамалар жасады. Депутаттық қызметі кезінде адам құқығы жөніндегі комитетте төрағалық етті. Бастысы, Жабайхан Әбділдин тәуелсіз Қазақстанның алғашқы күнінен мемлекеттік, қоғамдық қызметке етене кірісіп кетсе де ғылымнан еш алыстаған емес. Оның ойына сүйенсек, қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық қайшылықтар, жаһандану мәселесі, құндылықтардың алмасуы тірі ағза секілді өзгеріске ұшырап отырады. Бұл өзгерістерді дұрыс ұғынып болашаққа дұрыс бағдар беру үшін логикалық ойлауды, диалектикалық әдіске жүгінген фундаменталды тұжырымдарды қажет етеді. Кезекті сұхбатында Жабайхан Әбділдин тарихта диалектикадан, диалектикалық ойлаудан көп рет бас тартылғанын, бірақ қандай да болмасын проблемалардың алдын алу немесе шешуінде, әсіресе дағдарыс кезеңдерінде диалектикаға сүйенетінін атап өтеді. Бұндай дағдарыс бүгінгі таңда тек экономикада емес, сонымен қатар рухани салада, соның ішінде құндылықтардың өзгеруі жүріп жатыр. Дағдарыс аясындағы өзгеріс кезінде ұстанымымызды жоғалтып алмас үшін фундаменталды білімнің дамуына, рухани мәдениетіміздің жаңғыруына ықпал етуіміздің қажеттілігі туындайды [4]. Жабайхан Әбділдиннің 5 жыл бұрын берген бұл сұхбатындағы ой Қазақстанның рухани жаңғыруы бағдарламасына негіз болғандай. Дегенмен, Жабайхан Әбділдин «Время и Культура» кітабында қазақ мәдениетіндегі рухани жаңғыру процесстері мен оның өкілдерін атап өткен де болатын. Олар Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы. Бұл қазақ халқының кеменгер тұлғалары рухани мәдениетіміздің негізін салуда маңызды орын алған және олардың ілімі ешқашан өзінің мәнін жоғалтпайды. Ж.Әбділдинде солар іспеттес

өзінің шығармашылығымен, қоғамдық істерімен, ғылыми туындыларымен қазақ халының Тәуелсіздік дәуірінің көрнекті тұлғасы болып қала бермек.

Жабайхан Мұбаракұлы үлкен істер атқарып ел алдында үлкен сый құрметке ие және осы еңбектері үшін үлкен марапаттарға ие болды: қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы, ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани татулық сыйлығы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендері, «БҰҰ-ның принциптеріне адалдығы және соңғы 15 жылда Қазақстанда БҰҰ-ның жұмысына өлшеусіз үлес қосқаны үшін» марапатталды, «Шығармашылық ұзақ жасаушы» аталымы бойынша Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығын иеленді, «Барыс» II дәрежесімен, ТМД Парламентаралық ассамблеясының «Достық» медальдары, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығы [5]. Бұл марапаттардың берілуі бренд-тұлғалық белгісін дәлелдейді.

Жабайхан Әбділдин көрнекті философ, ғалым ретінде 1968 жылдан бастап барлық әлемдік философиялық конгрестерге қатыса бастайды. Әр қатысуында баяндама жасап, көптеген батыс философия өкілдерімен ой бөліседі. 2012 жылы профессор Күлшат Медеуова мен доцент Ұлболсын Сандыбаеваға берген сұхбатында әр конгрестің маңыздылығын атап өтеді. Естеліктерінде Гадамер, Маркузе, Поппер, Ланге, Хайдегер т.б. философтармен болған ой алмасуларын сөз етеді. «Кімді философ қатарына жатқызасыз?» деген сұраққа Жабайхан Әбділдин ойлау стильдері ұнайтын екі философиялық бағыт өкілдерін көрсетеді. Біріншісіне, көпшілік оқырманға жақын, әдеби тілмен жазылған, әр адамның ішкі дүниесін ашып қарастырған Камю мен Абайды жатқызса, екіншісіне ғылыми дәлелдемелері бар нағыз философтар – Аристотель, Декарт, Кант, Гегельді жатқызады. Яғни, Жабайхан Әбділдиннің ойын қорытындыласақ, философ тек жазушы емес, жаратушы, ол бір заттың болмысын басынан аяғына дейін біліп, рухани тұтастықты сезіне білгенде ғана нағыз философ болады [6].

Қазақстандық диалектикалық бағытты әлемдік философиялық дискурста шығаруы шетелдік ғалымдардың қазақ философиясы және оның ғалымдары туралы тануға үлкен мүмкіндік берді. Жабайхан Мұбаракұлы туралы шетелдік ғалымдар өздерінің әділетті пікірлерін білдірді. Шетелдік ғалымдардың берген пікірлері мен пікірлемелері ғалымның беделін, мәртебесін көтереді. Бұл маркетинг тұрғысынан бренд-тұлға үшін өте маңызды критерий. Зарема Шаукенова Жабайхан Мұбаракұлын «қазақстандық философияның мэтри» деп, оған:

«Открыв новые горизонты в понимании диалектики, Ж.М. Абдильдин определил ее значение как искусство развивать креативность мышления – именно еще и поэтому мы воздаем ему должное, поскольку в таком понимании диалектики обретается потенциал нелинейного мышления»[7,7]- тамаша сипаттама береді. Шынымен де, Ж.Әбділдиннің диалектикалық логикасы заманауи критериге сай келетін креативті ойлау өнері болып саналады.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, қазақстандық диалектиканың негізін салған, қазақ философиясындағы жаңа көзқарас пен бағыттың қалыптасуына үлесін қосқан, қазақстандық диалектикалық бағытты әлемдік философиялық дискурста шығарған, адамгершілік және өнегелік мәселелеріне, еліміздің әлеуметтік-саяси мәселелеріне аса мән беретін, еліміздің дамуына өз үлесін қосып жүрген, ғылыми шабыты мен шығармашылығы талмайтын, өзінің білімімен жастарды сусындыратын ғалым, данышпан, мемлекеттік және қоғам қайраткері, философ, академик Жабайхан Әбділдин – қазақстандық философиялық мектептің бренд-тұлғасы.

Әдебиет тізімі

1. Тамберг В., Бадьян А. Люди-бренды и human branding. / www.newbranding.ru
2. Киселица Е.П., Замураева Л.Е., Пинигина Е.П. Формирование бренда личности как средства продвижения бизнес проектов // Российское предпринимательство. – 2013. – Том 14. – № 2. – С.125-136

3. Ана тілі. Ұлт газеті. Жабайхан Әбділдин: «Бізге елді, жерді сүйген қуатты сезім керек». 30 желтоқсан, 2014ж
4. Медеуова К.А., Сандыбаева У.М. Интервью с Ж.М. Абдильдиным 13.07.2012 <http://www.runivers.ru/philosophy/logosphere/442082/#.WR2FMBSMDPg>.
5. Казахстанская Энциклопедия /<http://ru.encyclopedia.kz>
6. Медеуова К.А., Сандыбаева У.М. Интервью с Ж.М. Абдильдиным 22.06.2012 <http://www.runivers.ru/philosophy/logosphere/439193/#.WR1-gULYEPY>.
7. Зарубежная оценка трудов академика Ж.М. Абдильдина / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – 2-е изд., перераб. и доп. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 150 с.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АДАМ: ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Джалмагамбетова С.М.

Астана қ.

muratvekova@mail.ru

Қазіргі кезеңде қоғамда орын алған трансформациялық үдерістер қоғам даму парадигмаларының өзгеруіне, жаңа әлеуметтік қатынастардың қалыптасуына әкелді. Қоғам, адам өміріндегі әлеуметтік іргетастың негізі бола отырып, адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Қоғамның интеллектуалды, моральдық және экономикалық, техникалық дамуы адамның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қоғамдағы техникалық өркениеттің және рухани құндылықтардың үйлесімді түрде қарым-қатынас жасауы, оны материалды және рухани тұрғыдан прогресске алып келетін басты фактор деп сипаттасақ болады. Соның негізінде адам немесе индивид – қоғам болмысының алғаш бастауы. Адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас екі жаққа ықпал етуші үрдіс. Өз жағдайын, интеллектуалды деңгейін, білімін, рухани құндылықтарын прогрессивті бағытқа бұрған тұлға, өз айналасын өзгертуге үлкен қадам жасайды.

Адам қоғамда өмір сүреді, ал қоғам дегеніміз бүкіл адамзат үшін де, жеке адам үшін де өзі өмір сүріп отырған, онымен өндірістік, қоғамдық, отбасылық қатынастар арқылы байланысқан ұжым. Қоғамдық өмірдің алға жылжуы сол адамның өзі тұрақты өмірлік байланыста болған қоғамдық ұжымның өсуіне байланысты. Тарихтың ежелгі кезеңінде адам қоғамы ру-тайпалық сипатта болды. Жеке адамдардың, тұлғаның және қоғамдық ұжымның өзара қарым-қатынасы мәселесі адамдарды тарихтың барлық кезеңдерінде толғандырған. Адам жеке тұлға ретінде қоғамнан өз орнын алғысы келеді, сонымен қатар ғылым тек тұтас қоғамды ғана зерттеп қоймай, жеке адаммен де айналысқанын қалайды. Бірақ ғылым тек жалпының көрініс беруі арқылы ғана жекені зерттейді. Ғылымнан жеке адам да өз орнын табуы керек. Себебі, адамдар тек тарихты талдап қоймай, табиғат пен адамның тағдыры туралы да ойланады. Қоршаған өмірді ол өзінің таптық жағдайына, тәрбиесіне, жасына байланысты қабылдайды. Қоғам мен жеке адамның, тұлғаның қатынасы бүтіннің қосарлану формаларының бірі. Қоғам мен жеке адам ажырамас бірлікте болып табылады. Жалпы мен жекенің қатынасы диалектикалық өзара байланыс сипатында десек болады. Әр жеке адам жалпының, ерекшенің және жекеліктің өзіндік бірлігі болып табылады.

Адам әлеуметтік тіршілік иесі ретінде, біріншіден қоғамға дағдылануға (енуге) және өзінің тұрмыс-тіршілігіне қажетті барлық игіліктерге қол жеткізуге, сондай-ақ қоғамда қордаланған материалдық, рухани игіліктерді өндіру, айырбастау, тұтыну дағдыларына ие болуға, түптеп келгенде өзін-өзі қоғамдық өмірде қорғауға әрекет етеді. Қоғам адамды биологиялық тіршілік иесі деңгейінен әлеуметтік тіршілік иесіне көтере отырып, оны ең алдымен өзі үшін қоғамның сақталуына, өркендеуіне қызмет етуге итермелейді. Демек, әрбір адамның яғни, әлеуметтік тіршілік иесінің өмірінің мәні – бұл өзі өмір сүріп отырған қоғамға қызмет ету.

Рухани-адамгершілік сипатқа ие жеке тұлға ретіндегі адам өмірінің мәні өзі белгілеген өмірлік ұстанымын жүзеге асыру. Адамның өмірінің мәні – өзінің биологиялық